

1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 1079 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 1 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 0 7 9 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының

Үкіметі арасындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы

Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімнің және 1999 жылғы 2 сәуірде қол қойылған 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың ережелерін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1. 1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының

Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы келісімнің 1-бабы
мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 - б а п

1. Тараптар бір Тарап мемлекетінің кедендік аумағынан шығарылған және басқа Тарап мемлекетінің кедендік аумағына арналған тауарлар экспортына немесе импортына баламалы әрекет ететін кедендік баждарды, сондай-ақ салықтар мен алымдарды қолданбайды.

2. Осы Келісімнің мақсаттары үшін және оның қолданылу кезеңінде Тараптар мемлекеттерінің кедендік аумақтарынан шығарылған тауарлар болып шыққан елі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген тауарлардың шыққан елін айқындау ережесіне сәйкес айқындалған тауарлар түсініледі."

2. 1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге еркін сауда режимінен алып қоюлар туралы хаттаманың күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Хаттама 1995 жылғы 26 мамырдағы Еркін сауда туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы Келісімінің 17-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді және өзінің қолданылуын тоқтатады, әрі оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2008 жылғы "___" _____ каласында қазақ, молдован және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін